

«№ 28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Ата-аналар жиналысының хаттамасы

09.11.2023 ж.

Барлық оқушы саны-65

Қатысқаны-53

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі 11 сыныптардың қорытынды аттестациясы және жаңа форматтағы «ҰБТ-2024» өткізілу ерекшеліктері

2. Мамандықты таңдау бойынша ата-аналарға кеңес

Мақсаты: Оқушылардың барлық мүмкіншіліктерін пайдалана отырып ҰБТ-ға және қорытынды аттестацияға дайындау, ережесімен таныстыру, өткізу

Міндеттері:

1. ҰБТ-ға дайындық үшін барлық жағдайларды жасау.

2. Мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру.

3. Оқушының ҰБТ-ға дайындалуында кездесетін қиындықтарды анықтау.

4. Психологиялық көмек көрсету.

Жиналыс барысында:

1. Тыңдалды: ДООЖО Г.Сатымбекова мектептегі 11 сыныптардың

қорытынды аттестациясы туралы айтып, өткізілу тәртібімен таныстырды.

- Білім алушыларды қорытынды аттестаттау - тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім. Орта білім беруде білім алушыларды қорытынды аттестаттау мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында жүзеге асырылады. Жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасын меңгерген барлық мектеп бітірушілер үш міндетті және екі таңдау пәні бойынша емтихан тапсырады. Тестілеу мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес өткізіледі

2. «Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны»

(ҚР «Білім туралы» Заңы 1 б., 56 т.)

✓ ҰБТ "1 тестіленуші – 1 компьютер – 2 камера" қағидаты бойынша өткізіледі.

✓ Түсушілер тестілеу орнын (аймақтық тестілеу орталығы - АТО), күнін және уақытын өз бетінше таңдай алады.

✓ Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары қолданылады.

Сөйледі: 11 сынып оқушысының ата-анасы А.Елтаева мектеп тарапынан жасалынып жатқан жұмысты толығымен қолдайтыны туралы айта келе ата-аналар жиналысында талқылаған мәселелердің маңыздылығына тоқтала кетті. Қорытынды аттестация мен ҰБТ жаңа форматта өткізілетіні ата-аналарға түсіндіріліп әр жиналыста айтылатыны туралы хабарлады.

Екінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Н.Нартаев сөйлеп, ата-аналарға баласына мамандық таңдауына қолдау көрсету және дұрыс таңдау жасауына кеңестер берді.

Жарыссөзге М.Бөрібекова сөзге шығып, ата-ананың баласын қолдауы, оның жақсы жетістікке қол жеткізуіне мүмкіндік беретінін, үнемі баласының сабаққа дайындалуын қадағалауы қажеттігін айтты.

Ұсыныс:

1. Мектептегі 11 сыныптардың қорытынды аттестациясына оқушыларды дайындау ата-аналар тарапынан мүмкіндігінше көмек көрсетілсін
2. ҰБТ-ге қатысатын оқушылардың ата-аналарына мектеппен тығыз байланыста болып, балаларына сынаққа дайындалуға толық жағдай жасау
3. 11 сыныптарда оқитын оқушылар ата-аналарына балаларының мамандықты таңдау бойынша берілген кеңестерге назар аудару

Мектеп директоры:
Хатшысы:



Ж.Еспенбетов
Ұ.Аманова

